

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## ДАРА ТҰЛҒА ІЗІМЕН

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.02.2024СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/149150/>

Толешова Куралай Едиловна

Жер жүзіндегі адамдардың өмір сүру салтының сыртқы формасы бір болғанымен, олардың құндылықтары толыққанды ортақ емес. Ол ұлтқа, мемлекетке бөлінудің себебінен деген ойдамын. Кез келген ұлтты жекелеген адамдар құрағанымен, оларды өз ұлты, мемлекеті бірлікке жұмылдырады. Мұның барлығы кімге болмасын айтсаң, таңсық емес. Дәл осы мазмұндағы қарапайым ойға терең үңілуімнің сыры – сол халықтардың бейбіт, алаңсыз өмір сүруі үшін туылатын тұлғалар турасында ой қозғауға бағытталғым келгендіктен деп түсіндіргім келеді. Қазақ халқы үшін дүниеге келген дара тұлға десе бірден Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың жадымызға оралары даусыз.

Аумалы-төкпелі кезеңде басын бәйгеге тігіп, құрбан болған қаншама алыптарымыз бар. Олардың ерлікті істерін ешкімнің жоққа шығармайтыны анық. Десе де Дінмұхаммед Қонаевтың дара жолы қазіргі таңда билікте қызмет етіп жүрген жандар үшін зор үлгі болуы тиіс. «Жібі түзу, жаны таза адам кез – келген жағдайда, қандай қызметте істемесін қашан да ар-ожданын – биік ұстап қалады», — деп көзі тірісінде ар-ожданын, халқын бәрінен биік қойған Димекең нағыз басшының үздік үлгісін көрсетіп кеткен тұлға. Бұл биіктікке жету үшін қаншама күш, еңбек, білім, ең бастысы ұлтқа, Отанға деген махаббат қажет екендігін терең түсіну маңызды. Кез келген мемлекет әлемдік аренада білім көкжиегімен, берік экономикасымен, құндылыққа толы мәдениетімен ерекшеленеді. Соны терең түсінген Дінмұхаммед Ахметұлы өз билік құрған кезеңде осы салалардың бірде бірін ақсатпай, өсіп-өркендеуіне көңіл бөлгені белгілі. Мысалы, оның кезінде жоғары оқу орындарының саны 26-дан, 55-ке дейін, студенттер саны 70 мыңнан 275 мыңға дейін, институт мұғалімдерінің саны 9 мыңнан 22 мыңға дейін өсті. Барлық облыстарда мектепке мұғалімдер дайындайтын педагогикалық институттар ашылды. Қарап отырсақ, дәл сондай заманда мынадай үлкен қадамдардың жасалып, орындалуы жай іс емес. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда қаншама мүмкіндіктер легі болса да, бір аймақтағы бір оқу ошағының мәселесі қаралмай, кейінге шегерілетін келеңсіздіктер болып тұрады. Меніңше, ол мәселелер басшы бойында Димекеңдікіндей өрліктің, рухтың болмауынан. Дінмұхаммед Ахметұлының білім саласынан бөлек, өзге де салалардағы

батыл қадамдары көп. Бабалардың асыл сөзін, үлгілі істерін санаға тоқуға ниетті кез келген жас Дінмұхамед атамның өмірдерегінен өн бойына керектіні алатынына еш күмәнім жоқ. Әсіресе, «педагог мәртебесін» асқақтатуға құлшына кіріскен, мұғалімдердің мәртебесін аяқасты етпеуді мақсат тұтқан бүгінгі билік өкілдері Д.Қонаевтың көреген саясатын жандандырса нұр үстіне нұр болар еді деген ойдамын.

«Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» деген мақалмен өз ойымды қорытындылағым келіп отыр. Өз елінің бағына туған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев расында ғасырдың ғажап азаматы. Білім, мінез, имандылық, даналық. Барлығы дерлік өн бойында Димекеңдікіндей топтасқан жан ғана нағыз басшы бола алады. Бұл тұжырым дара тұлғаның әр жасаған ізгі істерінің соңында менмұндалап тұр. Түптің түбінде ізгілікті істер – өз еліңді сүйуден басталады.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.